

Қазақстан Республикасының Энергетика
министрлігіҚазақстан Республикасы
Энергетика министрінің м.а. 2022
жылғы 21 тамыздағы № 278
бұйрығы. Қазақстан
Республикасының Әділет
министрлігінде 2022 жылғы 22
тамызда № 29197 болып тіркелді

Министерство энергетики Республики Казахстан

**«Бағаларына мемлекеттік реттеу белгіленген бөлшек саудада өткізілетін
мұнай өнімдеріне шекті бағаларды белгілеу туралы» Қазақстан
Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 19 мамырдағы № 361
бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Бағаларына мемлекеттік реттеу белгіленген бөлшек саудада өткізілетін мұнай өнімдеріне шекті бағаларды белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 19 мамырдағы № 361 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11165 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1. Бағаларына мемлекеттік реттеу белгіленген мұнай өнімдерін бөлшек саудада тұрақты автожанармай құю станциялары арқылы өткізудің шекті бағалары қосылған құн салығы есебімен мынадай мөлшерде белгіленсін:

1) Аи-80 маркалы бензин – 1 литр үшін 89 теңге;

2) Аи-92 және Аи-93 маркалы бензин:

Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарында – 1 литр үшін 187 теңге;

Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында, Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Алматы, Атырау, Жамбыл, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар, Түркістан, Маңғыстау, сондай-ақ Абай, Жетісу, Ұлытау облыстарында – 1 литр үшін 182 теңге;



3) дизель отыны (жазғы, маусымаралық) – 1 литр үшін 450 теңге;

Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, сондай-ақ Абай облыстарында:

Қазақстан Республикасында берілген жүргізуші куәлігін көрсеткен кезде 1 тәулігіне 100 литрге дейінгі көлемде – 1 литр үшін 260 теңге;

жүк, арнайы, мамандандырылған автомобильдер мен автобустарға Қазақстан Республикасында берілген көлік құралын тіркеу туралы куәлікті көрсеткен кезде 1 тәулігіне 300 литрге дейінгі көлемде – 1 литр үшін 260 теңге;

Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында, Алматы, Атырау, Жамбыл, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар, Түркістан, Маңғыстау, сондай-ақ Жетісу, Ұлытау облыстарында:

Қазақстан Республикасында берілген жүргізуші куәлігін көрсеткен кезде 1 тәулігіне 100 литрге дейінгі көлемде – 1 литр үшін 230 теңге;

жүк, арнайы, мамандандырылған автомобильдер мен автобустарға Қазақстан Республикасында берілген көлік құралын тіркеу туралы куәлікті көрсеткен кезде 1 тәулігіне 300 литрге дейінгі көлемде – 1 литр үшін 230 теңге.».

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай тасымалдау және өңдеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2023 жылғы 9 қаңтарды қоса алған кезеңге қолданылады.

**Қазақстан Республикасы энергетика министрінің міндетін
атқарушы**

**Ж.
Нұрмағанбетов**

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі